

## **Алға ауданының Березовка селосын Қайыңдысай ауылы деп қайта атау туралы**

Бірлескен Ақтөбе облысының әкімдігінің 2007 жылғы 11 шілдедегі N 202 қаулысы және Ақтөбе облысының мәслихатының 2007 жылғы 11 шілдедегі N 380 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2007 жылғы 23 шілдеде N 3211 тіркелді

**Ескерту. Орыс тіліндегі тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша "аул" сөзі "село" сөзімен ауыстырылды - Ақтөбе облысының әкімдігінің 11.12.2015 № 452 қаулысымен және Ақтөбе облыстық мәслихатының 11.12.2015 № 359 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабына сәйкес, Алға аудандық мәслихаты мен әкімдігінің, облыстық ономастика комиссиясының ұсыныстарын есепке алып, **облыс әкімдігі**

### **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және облыстық мәслихат ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Алға ауданының Березовка селосы - Қайыңдысай ауылы деп қайта аталсын.
2. Осы қаулы және шешім ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*Сессия төрағасы, облыстық мәслихаттың хатшысы*